

«ҚАЗМЕДИА ОРТАЛЫҒЫ» БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Қазақстанның медиа кеңістігінің орталығы ретінде қоғам алдындағы өзіміздің жауапкершілігімізді сезіне отырып, Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді механизмін мақсатты және кезең-кезеңмен енгізу ниетіміз туралы мәлімдейміз.

Ол үшін біз өз қызметіміздің, мемлекеттік органдармен, бизнес-серіктестермен және қоғаммен өзара әрекеттестіктің басына мыналарды қоямыз:

- 1) Адалдық;
- 2) Заңдылық;
- 3) Сатылмаушылық;
- 4) Сенімділік;
- 5) Ашықтық;
- 6) Айқындық.

Біздің міндеттемелер:

1. ISO 37001 парақорлықпен күрес менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкес келу.
2. Адал ниетті, ашық және адал ынтымақтастықты жүргізудің, корпоративтік мәдениет пен тиімді басқаруды дамытудың, абырой мен іскерлік беделді қолдаудың этикалық стандарттарын көрсету.
3. Қызметкерлер мен бизнес-серіктестерде кез келген нысандағы сыбайлас жемқорлық көріністерін қабылдамау мәселесінде ұстанымның бірыңғай түсінігін қалыптастыру.
4. Әрбір қызметкердің сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жеке жауапкершілік сезімін қалыптастыру.
5. Сыбайлас жемқорлық және парақорлық мәселелері бойынша кез келген хабарламаларды қарастыру

Осы саясатты іске асыру мақсатында «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС басшылығы:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа тыйым салады;
- 2) ұйымға қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі заңнамалық нормалардың орындалуын талап етеді;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің талаптарын орындайды;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсаттарды қою, талдау және қол жеткізу үшін негіз береді;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, қолдау және үздіксіз жақсарту үшін қажетті ресурстарды қамтамасыз етеді;

6) қарсы жазадан қорықпай, өзінің күмәні туралы құпия түрде хабардар етуді көтермелейді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін үнемі жақсартуға міндеттенеді.

«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС басшылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзінің берік шешімділігін мәлімдейді және парақорлыққа қарсы тұратын барлық ұйымдар мен әрбір жеке адамды қолдайды.